

## Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 107-789 Қаулысы

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылғы 1 шілдеден бастап мынадай:

"Республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен 2010-2013 оқу жылдарына Жол картасы шеңберінде кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 22-290қ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылғы 17 мамырда N 629 болып тіркелген, "Астана ақшамы" газетінің 2010 жылғы 22 мамырдағы N 53 (2519), "Вечерняя Астана" газетінің 2010 жылғы 10 шілдедегі № 66 (2523) жарияланған);

"Республикалық бюджеттен мақсатты ағымдағы трансферттер есебінен 2010-2011 оқу жылына Жол картасы шеңберінде кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 22-290қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 16 маусымдағы N 22-545қ қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2011 жылғы 28 маусымда N 676 болып тіркелген, "Астана ақшамы" газетінің 2011 жылғы 14 шілдедегі N 78 (2688), "Вечерняя Астана" газетінің 2011 жылғы 9 шілдедегі № 81 (2691) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.Ғ. Балаеваға жүктелсін.

*Әкім*

*И.Тасмағамбетов*